

Жүз алтыншы тарау — Иса билік құру үшін қайта келе ме?

Армысыз, ардақты ағайын, қымбатты тыңдарман! «Үміт ұшқыны» бағдарламасының кезекті санына қош келдіңіздер. Студияда сіздермен бірге — жүргізуші мен Сабыр. Сіздермен эфир арқылы қайта қауышып отырғанымға қуаныштымын. Біз Киелі Жазбаның Жаңа Өсиетіндегі алғашқы кітап — Матай жазған Ізгі хабармен танысып келеміз. Бүгін біз «Иса билік құру үшін қайта келе ме?» деген тақырыпты қарастырамыз.

Бір нәрсе анық, сіз де менімен келісесіз деп ойлаймын: қазіргі дүниенің жағдайы мәз емес. Әлемнің әр түкпіріндегі адамдардың көңілі алаң. Біреулер еңсесін көтере алмай жүр, енді біреулер қысым көріп жатыр, ал көпшілігі азаттықты аңсайды. «Жағдай қашан жақсарады?» деген сұрақты біз жиі қоямыз. Жағдай жақсаратын уақыт пен орын бола ма?

Иса шәкірттеріне жағдайдың жақсармас бұрын қиындай түсетінін айтты. Біз Құдайға қарсы күресіп жатқан дүниеде өмір сүріп жатқандаймыз. Қымбатты досым, осындай жағдайда бәрі жақсармас бұрын, жағдайдың одан әрі нашарлайтыны анық. Бірақ біз алда не болатынын білуіміз керек. Сондықтан Матай жазған Ізгі хабардың 24:15–28-аяттарына назар аударайық. Сол жерден Исаның не үйреткенін көреміз.

«Ендеше, бір кезде сендер, Даниял пайғамбар алдын ала айтқандай, киелі үйді арамдап бос қалдыратын жексұрын нәрсенің сол қасиетті орында тұрғанын көретін боласыңдар. — Мұны оқып отырған әркім мәнісін ұғып алсын! — Сонда Яһудея аймағында тұратындар тауларға қашып құтылсын! Кім үйінің жалпақ төбесінде отырса, сол бір нәрсесін алуға үйге кірместен, сыртқы сатымен төмен түсіп, дереу қашып кетсін! Кім далада жүрсе, ол да шапанын алуға үйіне қайтып бармастан, бірден қашып құтылсын! Сол күндері аяғы ауыр және бала емізіп жүрген әйелдер қандай қасіретке ұшырайтын болады! Қашатын кездерің қыс мезгіліне немесе діни демалыс күніне тура келмесін деп Құдайдан сұрандар. Себебі сол уақытта әлем жаратылғаннан бері күні бүгінге дейін еш болмаған және қайтып болмайтын қиын-қыстау кезең бастарыңа түседі. Егер де Жаратқан Ие бұл күндердің санын қысқартпағанда, ешбір жан құтқарыла алмас еді. Бірақ Ол Өзінің таңдап алған адамдарына бола сол кезеңді қысқартып қойған. Сол кезде біреу сендерге: «Міне, Мәсіх мұнда!» немесе «Әне, Ол анда!» десе, иланбаңдар! Себебі жалған «мәсіхтер» мен «пайғамбарлар» шығатын болады. Олар, мүмкін болса, Құдайдың таңдап алған адамдарын да алдап, теріс жолға адастыру үшін ғаламат кереметтер мен ғажаптарды көрсететін болады. Байқандар! Мен сендерге мұны алдын ала айтып тұрмын. Сондықтан,

сендерге: «Қараңдар, Ол айдалада жүр!» десе, шықпандар! Немесе: «Ол ішкі бөлмелерде!» десе де, иланбаңдар! Себебі найзағайдың шығыстан басталып, батысқа дейін жарқырайтыны сияқты, Менің Билеуші ретінде көктен қайтып келуім де (аяқ астынан және ап-айқын) болады. «Жемтік қайда болса, күшігендер сонда жиылар» делінген емес пе».

Бұл аяттардан біз мұқият түсінуге тиіс бірнеше нақты ІЛІМДІ көреміз.

ЖЕКСҰРЫН НӘРСЕ ТУРАЛЫ ІЛІМДІ түсінуіміз керек. Иса: «Ендеше, бір кезде сендер, Даниял пайғамбар алдын ала айтқандай, киелі үйді арамдап бос қалдыратын жексұрын нәрсенің сол қасиетті орында тұрғанын көретін боласыңдар», — деді. Даниял пайғамбар айтқан киелі орынды арамдап, бос қалдыратын жексұрын нәрсе қандай еді? Исаның не туралы айтқанын түсіну үшін Даниял кітабының 11:29–31-аяттарына назар аударуымыз керек:

«Белгіленген уақытта ол қайтадан оңтүстікке аттанады. Бірақ оның соңғы жорығы алғашқы жорығындай болмайды. Өйткені оған қарсы Киттим кемелері келеді. Сонда оның сағы сынып, кері қайтады. Ол қасиетті келісімге ашуланып, өз ойын жүзеге асырады әрі қасиетті келісімнен бас тартқандармен қайтадан одақтасады. Оның жіберген әскері қасиетті әрі берік орынды арамдап, күнделікті құрбандық шалуды тоқтатады және киелі үйді арамдап бос қалдыратын жексұрын нәрсені орнатады».

Жаратқан Ие Даниялдың күнделікті құрбандық шалу тоқтатылып, оның орнына киелі жерді арамдайтын пұтқа арналған құрбандық орны қойылатыны туралы пайғамбарлығын меңзеді. Біздің заманымыздың 70 жылы римдіктер ғибадатхананы қиратты. Қазір Иерусалимде ғибадатхана жоқ. Алайда Иса қасиетті орында киелі үйді арамдап бос қалдыратын жексұрын нәрсенің тағы да пайда болатынын айтты. Бұл бір рет болғандықтан, оның қайтадан болатынын түсінеміз. Сол оқиға болғанда, Иса Яһудеяда жүрген адамдарды тауларға қашуға шақырды.

ТӨНГЕН ҚАУІП ТУРАЛЫ ІЛІМДІ де түсінуіміз керек. Иса қашуды кейінге қалдыруға болмайтынын айтты. «Кім үйінің жалпақ төбесінде отырса, сол бір нәрсесін алуға үйге кірместен, сыртқы сатымен төмен түсіп, дереу қашып кетсін! Кім далада жүрсе, ол да шапанын алуға үйіне қайтып бармастан, бірден қашып құтылсын!» Исаның қашу керектігін қаншалықты шұғыл айтқанын көріп тұрсыздар. Олар артына қарамай кетуге тиіс еді. Артында қалған дүниелерін ойламай, бірден қашуы керек болды.

Иса қашудың ауыр болатынын айтты. Әсіресе аяғы ауыр және бала емізіп жүрген әйелдер үшін қиын болмақ. Ол: «Сол күндері аяғы ауыр және бала емізіп жүрген әйелдер қандай қасіретке ұшырайтын болады!» — деді. Бұл олардың ауыр сынақ пен қайғы-қасіретке тап болатынын білдіреді. Сонымен

қатар Иса қашатын уақыттары қыс мезгіліне немесе діни демалыс күніне тура келмесін деп дұға етулерін айтты. Өйткені ондай жағдайда қашу одан да ауыр болмақ.

Иса 21-аятта сол кезеңді: «Себебі сол уақытта әлем жаратылғаннан бері күні бүгінге дейін еш болмаған және қайтып болмайтын қиын-қыстау кезең бастарыңа түседі», — деп сипаттады. Бұл бұрын-соңды болмаған аса ауыр кезең болады.

Енді «қиын-қыстау кезең» деген сөздің мағынасына назар аударайық. Зерттеу барысында оның бүкіл дүниені қамтитын жағдайды білдіретінін байқадым. Сол кезде бүкіл әлем Құдайдың сотын сезінеді. Аян кітабының 6-тарауынан бастап 19-тарауына дейін осындай кезең туралы баяндалады. Киелі кітаптың соңғы кітабында Иса айтқан ұлы азап кезеңі суреттеледі.

Біздің заманымыздың 70 жылы Иерусалим қираған кезде ауыр азап болды. Яһуди халқы өз жерінде үлкен қасіретке ұшырады. Олардың бір миллионнан астамы Рим әскерінің қолынан қаза тапты. Бірақ Жаратқан Ие бұрын-соңды болмаған және кейін де қайталанбайтын бұдан да ауыр азап кезеңінің келетінін айтты. Аян кітабында дәл осындай кезең сипатталған.

Иса қиын-қыстау кезең туралы да тәлім берді. Ол бұл кезеңнің қысқартылатынын айтты. Өйткені ол қысқартылмаса, ешбір жан аман қала алмас еді.

ЖАЛҒАН ЕЛІКТЕУШІЛЕР ТУРАЛЫ ІЛІМДІ де түсінуіміз керек. Иса адамдарды еліктіретін мәлімдемелердің болатынын айтты. Кейбіреулер келіп: «Міне, Мәсіх мұнда!» немесе «Әне, Ол анда!» — дейді. Бірақ Иса: «Иланбаңдар!» — деп ескертті.

Мәсіх біреу ғана. Құтқарушы да біреу ғана. Осы Киелі жазбада айтылған Мәсіх — Адам Ұлы Иса. Бірақ Оған еліктеушілер, жалған мәлімдемелер мен адамдарды алдайтын хабарлар болады. Біреулер: «Қуаныңдар! Ол осында! Ол осында!» — деп жар салады. Бірақ оларға сенбеңдер. Иса жалған «мәсіхтер» мен «пайғамбарлардың» шығатынын айтты. Олар, мүмкін болса, тіпті Құдайдың таңдап алған адамдарын да алдау үшін ғаламат кереметтер мен ғажаптар көрсетеді. Сондықтан, қымбатты достарым, Исаның жалған еліктеушілер туралы ілімін түсінуіміз өте маңызды.

Содан кейін Иса шәкірттеріне: «Байқандар! Мен сендерге мұны алдын ала айтып тұрмын. Сондықтан, сендерге: “Қарандар, Ол айдалада жүр!” десе, шықпандар! Немесе: “Ол ішкі бөлмелерде!” десе де, иланбаңдар!» — деп ескертті.

Ал жалған еліктеушілерге қарама-қарсы шынайы Мәсіх келеді: «Себебі найзағайдың шығыстан басталып, батысқа дейін жарқырайтыны сияқты, Менің Билеуші ретінде көктен қайтып келуім де (аяқ астынан және ап-айқын) болады».

Иә, Құдай Тағалаға мадақ! Шынайы Мәсіх келіп, барлық жалған еліктеушілерді әшкерелейді.